

## **Ұлттық валютаны енгізу жағдайында бағаның өсуін шектеу жөніндегі төтенше шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қараша 1993 ж. N 1121. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Халықтың тұрмыс деңгейін қолдау, баға мен тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеу, енгізілетін ұлттық валютаның тұрлаулылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің мемлекеттік реттелетін бағасы туралы" 1993 жылғы 5 тамыздағы N 678 және "Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының, ұнтақ жарманың және халыққа пісірілген нан орнына сатылатын ұнның бағасы туралы" 1993 жылғы 30 тамыздағы N 745 қаулыларымен белгіленген өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің жекелеген түрлерінің, тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтің қолданылып жүрген реттелетін бағасын (тарифтерін) қайта есептеудің реттелетін бағасы мен коэффициенттерінің шекті мөлшері осы қаулыға берілген N 1 және N 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар N 1 және N 2 қосымшаларда көрсетілген өнеркәсіп өнімдері мен қызметтерді өткізуде, сондай-ақ 1994 жылдың 5 қаңтарына дейін - осы қаулыға тіркелген N 2 қосымшада көрсетілген тұтыну тауарларын өткізген кезде баға мен тарифтердің шекті мөлшерлерін қолданады;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қосылған құнға салықтан босату туралы" 1992 жылғы 12 тамыздағы N 673 қаулысымен бекітілген қосылған құн салығынан босатылған тауарлар Тізбесіне енгізілген балалар тауарларының түр-түрлеріне сауда үстемесінің шекті мөлшері жасап шығарушы кәсіпорынның босату бағасына 40 процент мөлшерінде белгіленсін.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне жерлеу жоралғысы қызметінің ең төменгі жиынтығына баға белгілеу, алайда "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 25 қазандағы N 2477- XII "жанымен белгіленген жерлеуге берілетін жәрдемақының шекті деңгейінен асырмау ұсынылсын; <\*>

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті 3 күн мерзімде электр мен жылу энергиясына, нан мен нан-тоқаш

өнімдеріне жаңа преysкуранттар әзірлеп, бекітетін болсын.

Кәсіпорындарда, ұйымдарда және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерде 1993 жылғы 15 қарашадағы жағдай бойынша осы қаулыға берілген N 1 және N 2 қосымшаларда көрсетілген қалған өнімдерге түгендеме мен қайта бағалау жүргізілсін, әрі жете бағалаудың сомасы олардың өз айналым қаржысын толықтыруға жіберілсін.

*ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1993.12.28. N 1302 , 1995.09.26. N 1283 , 1997.07.02. N 1045 қаулыларымен.*

( 2 - т а р м а қ ) < \* > .

*Ескерту. 2-ші тармақтың күші жойылды - ҚРКМ-нің 1994 ж. 21 қаңтардағы N 91 Қаулысымен*

3. Осы қаулыға берілген N 1 және 2 қосымшаларда көрсетілмеген өнімдер мен көрсетілетін қызметтің 1993 жылғы 1 қарашадағы жағдайы бойынша қолданылған еркін (нарықтық) және реттелетін бағасы (тарифтері) 0,002 коэффициентіне көбейту арқылы қайта есептеледі.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері еркін және реттелмелі бағаның қайта есептелуінің дұрыс жүргізілуіне қатаң бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімнің, тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтің бағасын (тарифтерін) дөңгелектеу бір тиынға дейінгі дәлдікпен жүргізілетін болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті, Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті және олардың жергілікті жерлердегі органдары:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің баға мен рентабельділіктің шекті деңгейлерін сақтау жөніндегі қызметіне бақылау жасалуын қамтамасыз етсін;

мемлекеттік баға (тарифтер) тәртібін бұзуға жол берген шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " Мемлекеттік баға тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкциялар қолдану тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 17 наурыздағы N 245 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 11, 197-бап) белгіленген тәртіпке сәйкес экономикалық ықпал жасау шаралары қолданылатын болсын .

6. Осы қаулы күшіне енгеннен кейін мыналардың күші жойылған деп танылсын :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің бағасын мемлекеттік реттеу және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің қымбаттауына байланысты халықты әлеуметтік қолдау туралы"

1993 жылғы 28 қаңтардағы N 68 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1993 ж., N 2, 29-бап) 1-тармағы;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік ресурстан реттелмелі баға бойынша құрамажем босатуды реттеу туралы" 1993 жылғы 19 шілдедегі N 1298 қаулысын орындау туралы" 1993 жылғы 21 шілдедегі N 641 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1993 ж., N 31, 355-бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздерінің мемлекеттік реттелетін бағасы туралы" 1993 жылғы 5 тамыздағы N 678 қаулысындағы :

15 - тармақ ;

N 2 қосымшаның "Байланыстың негізгі қызметтері" бөлігіндегі "сондай-ақ басқа да жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектер (ерлі-зайыптылар)" деген сөздер ;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының, ұнтақ жарманың және халыққа пісірілген нан орнына сатылатын ұнның бағасы туралы" 1993 жылғы 30 тамыздағы N 745 қаулысының 4 - тармағы .

7. Осы қаулы 1993 жылғы 15 қарашадан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 12 қарашадағы  
N 1121 қаулысына  
N 1 қосымша

*Ескерту. Осы қосымшаның 6, 25-29 абзацтары 1994 жылғы 25 наурыздан бастап, 1-5, 7-24 абзацтары 1994 жылғы 1 сәуірден бастап күшін жойды - ҚРМК-нің 1994.03.23. N 288 қаулысымен.*

*Ескерту. Халықтан басқа барлық тұтынушылар үшін құрама жемнің бағасы бөлігінің күші жойылды деп танылсын - бұл өзгеріс ҚРМК-нің 19.07.1994 ж. N 806 қаулысымен енгізілді.*

**Өндірістік-техникалық мақсаттағы қызметтердің жекелеген түрлерінің қолданылып жүрген бағалары мен тарифтерін қайта есептеудің реттелмелі бағалары (тарифтері) мен коэффициенттерінің Шекті мөлшерлері**

теңге және тиын  
(ҚҚС-ты қоспағанда)

Көмір (1 тоннасы үшін):

Қ а р а ғ а н д ы н ы ң

кәдуілгі көмірі				52
көмір концентраты				70
Екібастұз көмірі	11			
Мұнай (1 тоннасы үшін)	100			
Табиғи газ (1 мың текше м. үшін):				
"Қазақгаз" ұлттық газ компаниясы				
босататын				230
оның ішінде Маңғышлақ энергия				
комбинатына				180
"Алау газ" мемлекеттік холдинг				
компаниясы босататын				280
оның ішінде				
кейін халыққа сату үшін ұжымшарлар				
мен кеңшарларға				90
Бензиннен тазартылған құрғақ газ				
(1 мың текше м. үшін)	47			
Республиканың кәсіпорындары шығаратын				
сұйытылған газ (1 тоннасы үшін)				110
Сұйытылған газ (1 тоннасы үшін):				
өнеркәсіптік тұтынушылар үшін				0,0072 коэф.
автомобиль көлігі үшін				0,0074 коэф.
коммуналдық тұрмыстық мұқтаждарға				
(1 кг. үшін)			0-45 (ҚҚС-ны қосқанда)	
Автомобиль бензиндері				0,0032 коэф.
Жермай	0,006 коэф.			
Дизель отыны				0,0037 коэф.
Мазут				0,0034 коэф.
Авиация жермайы				0,004 коэф.
Электр қуаты				бекітілген прейскурант
б о й ы н ш а				
Жылу қуаты				бекітілген прейскурант
бойынша				
Ішкі республикалық қатынаста жүктердің				
темір жол көлігімен тасымалдары (азаматтардың				
үй заттары мен сұйытылған газдан басқа)	0,0036 коэф.			
Байланыс көрсететін негізгі қызметтер				
Телефон мен телеграф арналарын				
жалдау				0,006 коэф.

Байланыстың, радио хабарын таратудың,  
радио байланысы мен теледидардың  
техникалық құралдарын пайдалану 0,004 коэф.  
Халықаралық байланыстың көрсететін  
қызметтері:

бюджеттегі ұйымдарға (бір минуті  
үшін)  
облыс ішінде 0 - 12  
республика ішінде 0 - 18  
шаруашылық есептегі ұйымдарға 0,01 коэф.

Үкіметтік байланыс көрсететін  
қызметтер 0,004 коэф.

Бюджеттегі ұйымдарға радио  
хабарларын тарату нүктесі мен телефонды  
пайдаланғаны үшін абонемент ақысы 0,01 коэф.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 12 қарашадағы  
N 1121 қаулысына  
N 2 қосымша

*Ескерту. Осы қосымшаның 26-39, 41-51-абзацтары 1994 жылғы 1 сәуірден  
күшін жойды - ҚРМК-нің 1994.03.23. N 288 қаулысымен.*

*ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1993.12.28. N 1302  
қаулысымен.*

Тұтыну тауарлары мен халыққа қызмет көрсетудің жекелеген  
түрлеріне қазіргі қолданылып жүрген бағалар мен тарифтерді  
қайта есептеудің реттелмелі бағалары (тарифтері) мен коэффициенттерінің

Ш е к т і к ө л е м і  
т е ң г е м е н т и ы н

(КҚС-пен)

Нан және нан-тоқаш бұйымдары N 001-05-1993 преysкурантына  
0,008 коэффициенті

Жоғары сортты бидай ұны (1 кг үшін) 0-80

Ботқа жармасы (1 кг үшін) 0-84

Тары (1 кг үшін) 0-64

Макарон бұйымдары (1 кг үшін) 1-10

Қант (1 кг үшін) 3-40

Сүт (1 литрі үшін) 0-40

Айран (1 литрі үшін)	0-50
Ұйытылған сүт (1 литрі үшін)	0-50
Майлылығы 18 процент жоғары сортты сүзбе (1 кг үшін)	2-00
Майлылығы 20 процент кілегей (1 литрі үшін)	2-20
Майлылығы 25 процент қаймақ (1 кг үшін)	2-50
Мал майы (1 кг үшін)	7-00
Өсімдік майы (1 кг үшін)	5-20
Жұмыртқа (10 данасы үшін)	1-40
Е т (1 к г ү ш і н ) :	
с и ы р е т і	4 - 4 0
қ о й е т і	4 - 0 0
ш о ш қ а е т і	5 - 0 0
қ ұ с е т і	4 - 4 0
Қорытылған ас тұзы (1 кг үшін)	0-10
Кір сабынның бір кесегі үшін (350 грамы)	0-70
Халыққа сатылатын құрамажем (1 кг үшін)	0-35 <*>
Жалпы пайдаланымдағы қала көлігімен жолаушылар және қол жүгі тасымалы	0-10
Автомобиль бензині	0,0032 коэф.
Дизель отыны	0,0037 коэф.
Тұрмыстық пеш отыны	0,006 коэф.
Жарық беруге жағылатын жер май	0,006 коэф.
Жекешелендірілген тұрғын үй қорындағы пәтерақы және пайдалану шығындары жалпы көлемі 1 шаршы метр үшін айына<*>	0-04<*>
Сұйытылған газ (1 кг үшін)	0-45
Тұрғын үйлерді жылыту, тағам әзірлеу мен су жылыту үшін пайдаланылатын желілі газ (1 текшеметр үшін)	0-11<*>
Халыққа сатылатын көмір	0,003 коэф.
Су құбыры мен канализация қызметі	0,006 коэф.<*>
Коммуналдық-тұрмыстық мұқтажға босатылатын электр қуаты (1 квт сағат үшін) халықтың тұрғын ж е р л е р і н е :	
селолық елді мекендерде	0-03<*>
қалалық елді мекендерде (тұрақты электр пештері және электр-қыздыру қондырғыларымен жабдықталған үйлерден басқасы)	0-04<*>

қалалық елді мекендерде (тұрақты электр пештері және электр-қыздыру қондырғыларымен жабдықталған үйлерде) 0-03<\*>

Орталықтан жылыту және ыстық сумен жабдықтылуға арналған жылу қуаты 0,004 коэф.<\*>

Байланысты негізгі көрсетілетін қызметтері телефон пайдаланғаны үшін абонементтік төлем (айына): негізгі аппарат үшін 4-35<\*>

сондай, өздерінің күтіміне зейнетақысына үстеме алатын зейнеткерлер мен мүгедектер үшін 2-20<\*>

қосарланған аппарат үшін 3-50<\*>

сондай, өздеріне жасалатын күтім үшін зейнетақысына үстеме алатын зейнеткерлер мен мүгедектер үшін 1-70<\*>

қалалар мен селоларда радио хабарларын тарататын нүктелерді пайдаланғаны үшін абонементтік төлем (айына):

бір бағдарламалы 0-20<\*>

көп бағдарламалы 0-30<\*>

Почта байланысының қызмет көрсетуі 0,01 коэф.

Телеграф байланысының қызмет көрсетуі 0,01 коэф.

Қалааралық байланыстың қызмет көрсетуі (1 минуты үшін):

республика ішінде 0-14

облыс ішінде 0-10

<\*> заңдарда белгіленген тәртіппен пәтерақының мөлшерін бекіту кезінде ескерту үшін ұсыныс ретінде келтірілді.

<\*> 1993 жылдың 1 желтоқсанынан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
 Министрлер Кабинетінің  
 1993 жылғы 12 қарашадағы  
 N 1121 қаулысына  
 N 3 қосымша

**Шаруашылық жүргізуші субъектілердің өнімдеріне (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) рентабельділіктің Ш е к т і д е н г е й л е р і**

		процент есебімен			
Металлургия<*>, металлургиядағы	мұнай-химия	ағаш	өңдеу,		
целлюлоза-қағаз, машина жасау және	жеңіл, құрылыс және металл өңдеу		материалдары, өнеркәсіптерінің		
ө н і м д е р і					3 0
Өнеркәсіптің барлық салаларындағы (тұз өндіруді қоса)					
тау-кен кәсіпорындарының өнімдері					50
Түсті металлургиядағы кәсіпорындарының өнімдері	тау-кен	металлургия			40
Ағаш дайындау өнеркәсібінің өнімдері					50
Мал шаруашылығы өнімдері					35
Жүнді бастапқы өңдеу кәсіпорындарының ө н і м д е р і					1 0
Өсімдік шаруашылығының өнімдері					50
Астық қабылдау, ұн тарту - өнеркәсіптерінің өнімдері	жарма және құрамажем				15
Наубайлық өнеркәсібінің өнімдері					20
Тәтті тағамдар өнеркәсібінің өнімдері					30
Балық өнеркәсібінің өнімдері					40
Ат-сүт өнеркәсібінің өнімдері					10
Көліктің барлық түрімен тасымалдаулар					35
Б а й л а н ы с					4 0
Б а с п а қ ы з м е т і					3 5
Халық шаруашылығы басқа салаларының өнімдері (жабдықтау-өткізу ұйымдары, көтерме, көтерме-бөлшек және бөлшек сауда кәсіпорындарынан басқа)					25

-----  
 <\*> Егер өнімнің өзіндік құнының үлес салмағындағы сатып алынған материалдар, жартылай фабрикаттар мен құрастырушы бұйымдар құны 85 процент құрайтын болса, онда рентабельділіктің шекті деңгейі 15 процент мөлшерінде белгіленеді.

### Е с к е р т у .

-----  
 Рентабельділіктің көрсетілген шекті деңгейлері ескеріле отырып белгіленген өнімдер бағалары оларды сату кезінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК